

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 30 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекеттік сатып алуды жетілдіру, оның ішінде оларды өткізуді орталықтандыру, тиімділігін арттыру, ашықтығын арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасы төрт негізгі түзетулерден тұрады:

1) бір көзден сатып алуды қысқартуға бағытталған түзетулер;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған түзетулер;
3) мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған түзетулер;
4) жер қойнауын пайдаланушылардың табиғи монополиялар субъектілерін сатып алуларын, байланыс, автомобиль көлігі мен қорғаныс салаларын реттеуге қатысты.

Бір көзден сатып алуды қысқарту бойынша.

Заң жобасында бір көзден сатып алу бойынша шарт жасасудың 52 негізінен 4 негізін алып тастау ұсынылады.

Қазіргі таңда бірқатар негіздер іс жүзінде қолданылмайды. Ал мемлекеттік білім беру тапсырысы шын мәнінде мемлекеттік сатып алуға жатпайды. Сондықтан мемлекеттік білім беру тапсырысын алып тастау бір көзден сатып алу көлемін едәуір қысқартады. Мәселен, былтыр білім беру тапсырысы 740 миллиард теңгені құраған болатын.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу бөлігі Заңның 39-бабы 3-тармағының 42) тармақшасы шеңберінде көптеп жүргізіледі. Бұл маңыздылығы төмен сатып алулар, саны жағынан бір көзден сатып алулар көлемінің едәуір бөлігін құрайды. Ол 80-90 пайызға дейін жетеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім болып табылады.

Осыған байланысты заң жобасы арқылы 100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі тауарларды, сондай-ақ 500 айлық есептік көрсеткішке дейінгі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысты негіздемені алып тастау ұсынылады. Бұл ретте аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары тарапынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді 3 мың айлық есептік көрсеткішке дейін сатып алу мүмкіндігі сақталады.

Жалпы бір көзден сатып алу үлесін төмендетуге бағытталған «электрондық дүкен» түріндегі сатып алудың жаңа бір тәсілі енгізіледі. Бұл тәсіл кезінде өнім берушілерді таңдаудың объективті және ашық критерийлері қолданылатын болады және онлайн режимде сатып алуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа заң жобасында тапсырыс берушінің сатып алудың бәсекелестік тәсілдерін басым түрде қолдануына қатысты норма көзделген. Осы тетікті пайдалану мүмкін болмаған жағдайда ғана бір көзден сатып алу жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте бір көзден сатып алу бойынша тапсырыс берушінің бірінші басшысының жеке жауапкершілігі туралы норма қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша.

Конкурстық рәсімдерде рейтингтік-балдық жүйе түрінде жаңа тәсіл ұсынылады. Бұл қағидат мемлекеттік сатып алу процесіне адамның қатысуын толық болдырмау мақсатында енгізіледі.

Мемлекеттік сатып алудың электрондық жүйесін кеңінен интеграциялау арқылы веб-портал әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде тиісті рейтингтік балл беретін болады. Бұл баға мен сапа критерийлерін біріктіре отырып, өнім берушіні автоматты түрде таңдауға мүмкіндік береді

Мемлекеттік сатып алу заңнамасын жетілдіру бойынша.

1. Рәсімдерді оңайлату мақсатында негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алудың жаңа тәсілі енгізіледі. Бұл сатып алу рәсімдерін 30 күнге дейін, ал тікелей өнім берушіні таңдауды 5 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Бүгінгі

күні оның орташа ұзақтығы 1,5 айды құрайды. Бұл тәсіл кеңсе тауарларын, жанар-жағар май, байланыс қызметтерін және тағы басқа сол сияқты стандартты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді сатып алу кезінде кеңінен қолданылатын болады.

2. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклінің құнын есептеуді пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алудың тың тәсілі енгізіледі.

Сапалы және инновациялық тауарларды, жұмыстар мен қызметтердің негізінде емес, сатып алынатын тауарлардың бүкіл қызмет ету мерзімінің құнын ескере отырып таңдау ұсынылады. Бұл тәсіл барлық дамыған елдерде, соның ішінде Еуропалық одақ елдерінде кеңінен қолданылады.

3. Дауларды сотқа дейін реттеу шеңберінде тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган ретінде «келісу комиссиясын» енгізу көзделеді. Келісу комиссиясы шарт жасасудан жалтарған және сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілген өнім берушілердің өтініштерін қарау үшін тапсырыс берушілер тарапынан құрылатын болады.

4. Мемлекет басшысының мемлекеттік сатып алуды өткізуге саяси қызметшілердің араласуын болдырмау, мемлекеттік сатып алуды орталықтандыру туралы тапсырмасына сәйкес орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын және облыс әкімдерін конкурстық комиссия төрағалары етіп тағайындау туралы талап алынып тасталады.

Заң жобасында өзге де түзетулер қамтылған. Олар жер қойнауын пайдаланушылардың, табиғи монополия субъектілерінің сатып алулары мен байланыс, автомобиль көлігі мен қорғаныс саласын жетілдіруге бағытталған.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы бойынша атқарылған нәтижелі жұмыс үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер.

Ұсынылып отырған заң жобасы мемлекеттік сатып алу жүйесін жақсартуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, бір көзден сатып алу үлесін қысқартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ бизнес субъектілерінің мемлекеттік сатып алуға қатысуын жеңілдетеді деп санаймын.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства обороны.

В нашем Комитете по международным отношениям, обороне и безопасности мы этот вопрос активно обсуждали, но не получили четкого и ясного ответа.

Итак, суть дела. Рассматриваемым законопроектом предусмотрена поправка в Закон «Об обороне и Вооруженных Силах Республики Казахстан», согласно чему вводится единый оператор информационно-коммуникационной инфраструктуры военного назначения. Такая организация наделяется функциями по созданию системы военного назначения, внедрению, сопровождению, развитию, интеграции и системно-техническому обслуживанию, иначе говоря, ей будет предоставлен полный доступ к системам военного

назначения, а это ни много ни мало почти тридцать систем от мобилизационного ресурса страны до учета боеприпасов, складских запасов, средств связи и так далее.

В этой связи возникает вопрос: будет ли с введением в закон единого оператора обеспечена сохранность военных секретов, а главное – бесперебойность самих информационных систем в условиях не только мирного, но и военного времени?

На наш взгляд, риски здесь очевидны, поскольку не сравнить ответственность военнослужащего, давшего присягу родине, с ответственностью лиц, состоящих в трудовых отношениях с акционерным обществом. Считаем, что подобные системы должны обслуживаться исключительно силами и средствами самого Министерства обороны.

Хотелось бы услышать Ваше мнение. Спасибо.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Тұяқов Дарын Шылбыұлы, жауап беріңіз.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Спасибо за вопрос, Сергей Михайлович.

Учитывая степень секретности сведений, я постараюсь дать ответ на поставленный вопрос.

Во-первых, я хотел сказать, что в 2000 году было создано РГП «Центр по геоинформационному обеспечению Вооруженных Сил Республики Казахстан». В 2004 году РГП «Центр по геоинформационному обеспечению Вооруженных Сил Республики Казахстан» было преобразовано в акционерное общество, где единственным акционером является Министерство обороны со стопроцентным участием государства.

Данный центр в настоящее время обеспечивает жизнедеятельность информационных систем Министерства обороны, бесперебойно работает уже в течение 15 лет.

Основная цель введения данной нормы заключается в том, что необходим статус данному центру, чтобы он не только обеспечивал бесперебойность, качественное техническое сопровождение всех информационных систем, автоматичность систем управления, но и обеспечивал информационную безопасность всех систем.

В настоящее время в соответствии с Посланием Президента Республики Казахстан народу Казахстана идет цифровая трансформация, внедряются новые цифровые сервисы. Для того чтобы более качественно развивать их дальше, необходимо иметь качественную инфраструктуру, именно защищенность этой инфраструктуры. Как вы понимаете, должна быть современная инфраструктура, она должна постоянно модернизироваться, должны внедряться новые технологии. Для этого требуется высокая компетенция данных работников. Статус единого оператора позволит выполнить данные поручения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министру финансов.

На сегодняшний день срок осуществления государственных закупок от публикации до заключения договора составляет в среднем 1,5–2 месяца, а то и более. Затягивание сроков связано с процедурами обжалования итогов закупок, в том числе с несвоевременным принятием мер реагирования органами внутреннего государственного аудита, а также некачественным камеральным контролем, последствиями которого являются длительные судебные тяжбы. В результате продолжительность проведения процедур государственных закупок является одной из главных проблем, которая влияет на своевременное исполнение контрактов и освоение бюджетных средств. И эта проблема не новая.

Уважаемый Ерулан Кенжебекович, отдельные новые нормы законопроекта оптимизируют определенные процессы государственных закупок, но насколько достаточны эти нормы для решения обозначенных проблем? Если нет, то какие конкретные меры сегодня предпринимаются министерством для полного их решения? Спасибо.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На самом деле проблема очень острая, порой конкурсные процедуры затягиваются, все причины перечислены. В этой связи мы предусмотрели в законопроекте ряд норм, которые позволяют значительно сократить сроки закупок.

Во-первых, мы внедряем такой вид конкурса, как рамочное соглашение. Это позволит сократить сроки закупок до одного месяца, при различных обстоятельствах – до одной недели.

Во-вторых, мы пересмотрели механизм аукциона. На первом этапе будет формироваться аукцион. Имена всех заявителей будут вскрыты, вскрываться будет только та заявка, где будет наименьшая цена. Если данный заявитель соответствует всем условиям, то конкурс будет объявляться состоявшимся.

Мы примерно оцениваем, что такие конкурсные процедуры, как аукцион, будут сокращаться в два раза по сроку.

Также мы изучали международный опыт, с Всемирным Банком работали, по их рекомендации внедряем еще одну норму, которая позволяет заказчикам заранее опубликовывать предварительные конкурсные заявки, которые будут изучаться бизнесом. То есть при конкурсных процедурах бизнес будет готов, они будут свои бизнес-процессы оптимизировать.

Также этим законопроектом мы внедряем так называемый «электронный депозитарий».

В вопросе прозвучало, что из-за обжалования конкурсные процедуры затягиваются. 90 процентов жалоб связаны с расчетом опыта работы строительных компаний. Мы сейчас хотим полностью автоматизировать, забить в электронный депозитарий, чтобы человеческий фактор вообще не присутствовал. Если это все будет автоматически выявляться, внутренний госконтроль может не реагировать вообще, поскольку это все будет в автоматическом режиме без участия человеческого фактора выявляться.

Также мы готовим информационную систему бизнес-процессов, чтобы полностью оцифровать и исключить человеческий фактор. Все это позволит нам в разы сократить сроки проведения конкурсных процедур. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Ерұлан Кенжебекұлы, менің сұрағым сізге.

Қаралып отырған заң жобасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 26-бабының 1-тармағында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда демпингке қарсы шаралар бойынша өзгерістер енгізу қарастырылған.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезіндегі баға демпингі әсіресе құрылыс саласында өте өзекті болып табылатынын сіз жақсы білесіз. Біздер, депутаттар өңірлерге барғанда құрылыс нысандарын аралап, оның сапасына ерекше мән берудеміз. Практикада жиі көріп жүргеніміздей, тек қана бағаға қатысты емес, жобалық-сметалық құжаттардың сапасыз жасалып, мемлекеттік сараптамадан сапасыз өтуі, айналып келгенде, құрылыстың нәтижесіне кері әсерін тигізуде. Сондықтан да алдағы уақытта осыған байланысты жоғарыда аталған түзетулер мемлекеттік сатып алу процесіне сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамада бекітілген бағаның шамадан тыс кемуіне қаншалықты тосқауыл бола алады және құрылыстың сапасына қатысты жауапты тұлғаларға қандай да бір жауапкершілікті күшейту болашақта жоспарларыңызда бар ма? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет.

Құрметті депутаттар, шынында бұл да негізгі мәселелердің бірі, себебі демпинг көптеп кездеседі. Бірақ біз заңда көрсетілген түзетулерге сәйкес демпингке шектеу қоямыз. Қазіргі таңның өзінде жаңа айтып өткен құрылысқа демпинг 5 пайыздан аспайды, ал жобалау, құрылыс жұмыстарына және қадағалау жұмыстарына 10 пайыздан аспайды. Бұл ережелермен белгіленген.

Қазіргі көрсетіліп отырған заңда біз оның аясын кеңейтіп отырмыз, яғни тек қана конкурстық процедураларды емес, баға, ұсыныс процедураларында да, яғни заңның аясын кеңейте отырып, бүкіл демпингке қатысты мәселелерді сараптап, ережелермен толық реттейтін боламыз. Бірақ бұл жерде айта кететін негізгі мәселе бар.

Демпинг қалай пайда болады? Бұл жоспарлау кезінде бағаны жоғары болжаумен байланысты болып отыр, егерде оның бағасы дұрыс жоспарланса, онда ешқандай компания демпингке бармайды. Олар көрсетілген бағаға конкурспен, ары кетсе екі-үш пайызбен ғана демпинг жасай алады, яғни сметалық жоспарлау кезінде қандай да бір құрылыс материалдарында немесе қандай да бір қызметтің түріне бағалар жоғары жоспарланған. Сондықтан біз ол жерде жоспарлау кезінде тосқауыл қоятын боламыз. Қазір жоспарлаудың автоматтық жүйесі деген (ЭСГП) енгізіліп жатыр. Бұл порталды жоспарлау кезінде экономиканың дамуына әсер ететін жүз шақты негізгі бағалар бар, сол бағалардың өспеуіне бағыттап интеграция жасаймыз. Сол кезде жоспарлау да дұрыс болады, яғни компаниялар демпингке өздері де бармайтын болады. Бұл бағыттағы жұмыстарды біз жалғастыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Рассматриваемый законопроект является важным как с социально-экономической, так и с общественно-политической точек зрения. Актуальность его не вызывает сомнений. Законопроект разработан во исполнение поручений Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева.

Следует отметить, что трудно представить сферу деятельности, которая вызывала бы столько нареканий в течение достаточно длительного периода времени, особенно в части ее недостаточной транспарентности и прозрачности, а также высокой коррупциогенности.

Многолетняя практика государственных закупок показывает, что указанные стороны стандартных требований к законодательству с точки зрения его эффективности никак не могут сойтись в рамках одного закона. В условиях несовершенства законодательного обеспечения, как результат, проблемы наслаиваются годами, вызывая растущее непонимание в обществе.

При этом необходимо отдавать отчет в том обстоятельстве, что нормативно-правовое поле усложнилось с позиции требований нормативно- правовой базы ВТО и в существенной степени – ЕАЭС.

В целом внесены поправки по следующим направлениям.

Первое. Внедрение четырех новых способов государственных закупок, о которых подробно было доложено министром.

Второе. Законопроектом предусмотрено сокращение ряда оснований для осуществления государственных закупок способом из одного источника, так как в нем имеет место коррупционная составляющая.

Так, например, согласно данным Центра электронных финансов Министерства финансов, объем заключенных договоров государственных закупок за 2020 год составил 5,9 триллиона тенге, из них договоры на сумму более 2,4 триллиона тенге, что составляет более 40 процентов от общего объема государственных закупок, или 3,6 процента ВВП, заключены способом из одного источника путем прямого заключения договоров. Это без учета закупок, осуществленных по спецпорядку в условиях карантинных мероприятий. В особенности это касается субъектов хозяйствования в квазигоссекторе экономики. В частности, в одном из выступлений Председателя Счетного комитета в стенах Сената было озвучено, что квазигосструктуры 77 процентов своих закупок делают у аффилированных компаний без всякого конкурса.

Важно, что законопроектом предусмотрено:

осуществление государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора лишь в исключительных случаях;

несение персональной ответственности должностным лицом, принявшим решение о госзакупе из одного источника, в случае неэффективности последнего;

введение понятия «согласительная комиссия» – органа для рассмотрения обращений потенциальных поставщиков, включенных в реестр недобросовестных участников закупок.

Законопроект содержит иные поправки редакционного и уточняющего характера. В целом надо признать, что проделана большая работа в части совершенствования законодательства в сфере государственных закупок. При этом в максимально возможной степени обеспечена гармоничность централизованных и рыночных регуляторов этой сферы деятельности.

Вместе с тем можно привести ряд моментов, вызывающих вопросы к полноте и завершенности некоторых вносимых изменений и дополнений, которые подробно были обсуждены на заседаниях рабочей группы нашего комитета.

Так, например, в Закон «О государственных закупках» внесена статья 19, определяющая механизм мониторинга государственных закупок. При этом можно понять, что мониторинг функционально носит несколько узкий характер, охватывая лишь контроль за исполнением непосредственно процедур осуществления государственных закупок, не затрагивая вопросов измерения их конечной эффективности для деятельности государственных органов. Считаем, что отчет, в принципе, не должен обходить эти вопросы. При этом итоги отчетов должны ложиться в основу совершенствования системы государственных закупок по всему циклу от их проведения до реализации.

В пункте 6 статьи 21 Закона «О естественных монополиях» устанавливается норма об осуществлении закупки посредством информационной системы электронных закупок, интегрированной с информационной системой НПП «Атамекен», а в подпункте 18-1 пункта 2 статьи 26 этого закона вводится норма обеспечения передачи информации, сведений о закупках, осуществляемых в информационных системах электронных закупок, в информационную систему НПП «Атамекен» в целях формирования единой точки доступа к закупкам.

Возникает вопрос: не означает ли это, что НПП «Атамекен» выполняет часть функций единого оператора в сфере государственных закупок, в роли которого в настоящее время в соответствии с действующим законодательством выступает АО «Центр электронных финансов»?

Отметим, что НПП «Атамекен» предоставляет единую точку доступа к информации по государственным закупкам, что не является единой точкой доступа к закупкам в целом.

В этой связи необходимо напомнить, что ранее в экспертных научных кругах неоднократно высказывалось мнение, что в целях эффективного контроля и минимизации коррупционных проявлений было бы целесообразным обеспечить максимально возможную централизацию всех государственных закупок, имея в виду интеграцию всех процессов в рамках единой государственной структуры, которую и контролировать во всех аспектах проще.

Далее. Нам надо ускорить присоединение к Соглашению о государственных закупках в рамках ВТО, где Казахстан с октября 2016 года является наблюдателем в данном соглашении. Это позволит ускорить реформы режима государственных закупок, а участники соглашения получат доступ к мировому рынку государственных закупок, оцениваемому в объеме 1,7 триллиона долларов США ежегодно.

Вместе с тем безусловным должно быть требование к условиям соблюдения безопасности национальной системы государственных закупок. К сожалению, данный вопрос оказался вне рассмотрения данного законопроекта, хотя вопросы не риторические и могут отразиться на безопасности информационного пространства Казахстана.

Сегодня состояние конкуренции в стране характеризуется высоким уровнем концентрации на основных товарных рынках и высоким уровнем государственного участия в экономике. В связи с этим нормы законопроекта должны быть направлены на решение ряда основных регуляторных барьеров. К сожалению, прогнозных оценок по данному вопросу мы не увидели.

Сказанные замечания могут быть в целом учтены в законопроекте по вопросам развития конкуренции, который инициирован Агентством по защите и развитию конкуренции и в данное время находится на рассмотрении в Мажилисе Парламента.

В частности, законопроектом предусмотрена норма о необходимости наличия заключения антимонопольного органа на проведение государственных закупок неконкурентным способом субъектами квазигоссектора в целях расширения возможностей для субъектов малого и среднего бизнеса. И это важно.

Имеет место быть еще одна давняя законодательная коллизия, связанная с термином «квазигосударственный сектор». По мнению экспертов, такого понятия нет в законодательном поле Казахстана. Есть лишь понятие «субъекты квазигосударственного сектора», к которым можно отнести всех субъектов с государственной долей участия. Подобная юридическая «закавыка» приводит к излишне исключительным правам в сфере государственных закупок для ФНБ «Самрук-Казына» со всеми вытекающими последствиями. Надо в будущем внести ясность в этом вопросе.

Не секрет, что государство выступает в качестве крупнейшего потребителя целого ряда отраслей экономики, превращая закупки в мощный инструмент государственного регулирования. В рамках вышесказанного по законопроекту хотелось бы увидеть конкретные предложения Правительства по сокращению объема государственного регулирования.

Также отметим, что постоянно не исполняется норма Закона «О правовых актах», где предусмотрено, что вместе с законопроектом должны представляться на рассмотрение Парламента и проекты подзаконных нормативных правовых актов.

Уважаемые коллеги! В целом по законопроекту проделана большая работа. Законопроект соответствует концепции. Замечаний и предложений по концепции законопроекта от постоянных комитетов не поступило.

Исходя из важности рассматриваемого законопроекта для всех субъектов хозяйствования в экономике и государственных интересов, Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству рекомендует одобрить его в первом чтении. Также полагаю, что уполномоченному органу необходимо снять все неопределенности и замечания до второго чтения в рабочем порядке.

Прошу, коллеги, поддержать. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Еділ Құламқадырұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты! Прежде всего хочу отметить, что рассматриваемый законопроект направлен на решение очень важных вопросов в области государственных закупок. Разработчики законопроекта проделали большую работу, проанализировали всю правоприменительную практику. В целом я поддерживаю концепцию законопроекта.

В числе направлений государственной политики в сфере регулирования экономики, предпринимательства Президентом страны обозначены наиболее актуальные направления, как:

развитие конкуренции и ограничение монополизма;

совершенствование законодательства о закупках с созданием прозрачного, понятного и единого для всех закона о закупках.

Эти поставленные задачи перед Правительством должны быть реализованы в данных нормах законопроекта, однако некоторые вопросы не нашли своего отражения. Поэтому наш комитет обратил внимание разработчиков на эти проблемы. Кратко остановлюсь на них.

Первая проблема – это вопрос с так называемыми «операторами», национальными, едиными операторами. Наша Палата неоднократно поднимала эту проблему в своих выступлениях, депутатских запросах. Как-то я напоминал, что только в области недропользования по углеводородам имеется восемь операторов.

Вместе с тем в законопроекте закрепляется и расширяется статус существующих и вновь создаваемых операторов. При этом разработчики ссылаются на различные прошлогодние протокольные решения о возможности их создания. Должен заметить, что на расширенном заседании Правительства 26 января текущего года Глава государства подверг резкой критике монополистов, в первую очередь разных операторов, созданных государством, и дал поручение провести анализ их деятельности, обоснованности их существования, разработать и принять закон до 1 января 2022 года для решения проблем, мешающих конкуренции.

Президент прямо запретил создание государственных и ведомственных операторов. Поэтому полагаю, что в данной части министерства-разработчики должны обратить на это внимание.

Вторая проблема – это сужение конкуренции или появление новых монополий. Согласно законопроекту отдельные виды деятельности выводятся из-под сферы действия Закона «О государственных закупках». То есть в этих сферах выбор поставщика для государства будет происходить не открыто, на состязательных началах, с обеспечением рационального и эффективного использования бюджетных средств, а с использованием других неконкурентных принципов.

Например, на протяжении 25 лет изготовлением автомобильных номеров занимался монополист – частная компания «Латон». Эта проблема вызывала большое социальное возмущение в нашем обществе.

Сейчас разработчики полагают, что государственные номера, технические паспорта и водительские удостоверения очень сложно технологически изготавливать, поэтому эту деятельность из сферы государственных закупок надо исключить. Соответственно, те средства, которые предусмотрены в бюджете (5 миллиардов тенге), выделенные на эти цели, можно осваивать на бесконкурсной основе.

Полагаем, если есть проблема в целях безопасности в этой отрасли, есть более эффективный правовой механизм решения вопроса – пройти все публичные процедуры и обосновать необходимость ведения государственной монополии по этим видам деятельности в сфере безопасности движения.

Третья проблема – отсутствие правовых прогнозов и эффективных правовых норм, предлагаемых решений разработчиками по вопросам местного содержания.

Глава государства неоднократно ставил задачу поддержки отечественного производства, обеспечения местного содержания. Как вы знаете, в связи с правилами ВТО наша республика приняла на себя ряд ограничений позиций в части товаров. Но эта сложная задача требует неординарных и комплексных решений.

Я работал долгое время в сфере недропользования, по сути, с 2009 года создавал нормативные акты по местному содержанию. Но мы все равно еще применяли административные методы (наказание, штрафы), сейчас нужно перейти к другим партнерским отношениям.

Сейчас предлагают в контрактные обязательства внести поправку о том, что министерство (компетентный орган) будет заключать с недропользователями так называемое «соглашение о стимулировании предпринимательства», где недропользователи будут добровольно брать на себя обязательства по местному содержанию в товарах. При этом соглашение добровольное, никто не обязан его заключать, как нам объясняют, но оно имеет «силу меморандума». Проще говоря, не имеет никакой юридической силы. Поэтому недропользователь, заключивший его, не обязан его исполнять. И все это касается только части недропользователей, за исключением крупных, в нефтегазовом секторе до 80 процентов закупок, мы знаем, это три крупных проекта, но эти нормы о местном содержании их не затронут. В результате эти декларативные нормы работать не будут, хотя цель принятия законопроекта определена как стимулирование и повышение отечественного производства товаров. Правовая эффективность этих норм низкая, поэтому местные товары по-прежнему будут игнорироваться при проведении конкурсов.

В заключение я хотел бы отметить, что Президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев недавно на прошедшем Съезде Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» сказал, что развитие казахстанского содержания остается одним из приоритетов экономической политики страны. По поручению Президента до конца года будет принят Закон «О промышленной политике». Полагаю, что отраслевое министерство разработает более эффективные правовые механизмы, с представлением реальных расчетов и прогнозов, чем в рассматриваемом законопроекте.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы туралы негізгі баяндамашылар енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың барлық аспектілерін толық және жан-жақты баяндап берді.

Заң жобасы мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында әзірленген.

Мемлекеттік сатып алу әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, отандық кәсіпкерлікті дамытуға және ұлттық тауар өндірушілердің өнімдерін қолдауға елеулі ықпал ететінін ескере отырып, оның тиімділігін арттыруға ерекше мән беру қажет деп есептеймін.

Айта кету керек, бүгінгі таңда іс жүзінде бұл салада әлі де болса бірқатар кемшіліктер бар. Атап айтқанда, сатып алуға негізсіз жоғары талаптар қою, бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі, тапсырыс берушілер тарапынан бюджет қаражатын үнемдеуге қызығушылықтың болмауы сияқты жағдайлар орын алып отыр. Сондықтан заң жобасында ұсынылған нормалар ерекше өзекті болып табылады.

Заң жобасында мемлекеттік сатып алудың жаңа механизмдері ұсынылып отыр. Оның ішінде коммерциялық ұсыныстар беру қажеттігін болдырмауға және өнім берушінің таңдау процесін едәуір жеделдетуге мүмкіндік беретін «электрондық дүкенді» енгізу, сондай-ақ баға мен сапа өлшем шарттарын біріктіре отырып, өнім берушінің таңдау процедураларын толық автоматтандыруды қамтитын рейтинг-балдық жүйенің ұсынылып отырғанын атап өту керек. Сол сияқты тапсырыс берушінің бір көзден сатып алуын шектейтін сатып алудың бәсекелестік тәсілдерін белсенді жүзеге асыру туралы норма көзделеді. Осылайша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алуды орындау сапасын арттыруға және көрсетілетін қызметті алушылардың сапаға қанағаттану деңгейін жетілдіреді.

Соның нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу арқылы мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы жетілдіруге және ашықтықты жақсартуға мүмкіндік туады.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда аталған заң жобасын толықтай қолдаймын, сондай-ақ әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі мәселелерді қарап болдық, енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Президенттің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын енгізу қажеттігі атап өтілді.

Тәуелсіздік жылдарында елдегі ақпарат құралдарының саны 400-ден 4,5 мыңға көбейді. Қазіргі таңда елде 184 телеарна, 79 радио, 790 ақпараттық агенттік бар. 2 мың 964 мерзімді баспасөз басылымдары немесе 1859 газет және 1105 журнал тіркелген.

Бүгінде журналистің қоғамдағы орны заңдылық тұрғысынан еш айқындалмаған, соның салдарынан қазір журналист не мемлекеттік қызметші, не азаматтық қызметші, не кәсіпкер санатында жоқ белгісіз тұлға, яғни санда бар, санатта жоқ.

Еліміздегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңда және Еңбек кодексінде журналистердің мәртебесі мен кепілдіктері туралы ешқандай бап жоқ. Анығырақ айтсақ, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның 20-бабындағы 10 құқығы мен 21-бабындағы 5 міндеті ғана жазылған. Еңбек кодексінде мәртебе жөнінде бірауыз сөз, тіпті «Журналистердің еңбек ету құқықтары» деген бөлім де жоқ.

Ақпаратқа қолжетімділік саласында жеке реттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Кейбір шенеуніктер төтенше жағдайлар кезінде журналистердің сұрағына кәсіби деңгейде жауап беруге дайын болмай жатады. Кәсіби қызметін атқарып жүрген тілшіге кедергі келтіру халық пен мемлекетті ақпарат алу мүмкіндігінен айыру деген сөз.

Көршіміз Ресейдегі жағдай мүлдем басқаша. Журналистердің кәсіби міндетіне кедергі келтіргендер, журналистерге шабуыл жасағандар 6 жылға дейін түрмеге қамалатын арнайы бап енгізілген.

Қазақстанда 100 мың тұрғынға 445 полиция қызметкері келеді екен. Әлемдік стандартта 300-ден аспау керек. Соншама полицияға қаншама жеңілдіктер қарастырылған. Таяуда олардың жалақысы тағы да өсті. Ал бүкіл Қазақстанда журналистер саны 4-5 мыңнан сәл-ақ асады. Елдік пен мемлекеттілік ісіне тікелей қызмет етіп отырған журналистерге неге сондай жағдай жасалмайды?

Ұлыбританияның «The Sunday Times» басылымының жазуынша журналистерде стрестік жағдайлардың туу ықтималдығы кәдімгі әскери ұшқыш, таксист, өрт сөндіруші сияқты мамандық иелерінен де жоғары болады. Әсіресе, шиеленіс нүктелерінде, әлеуметтік сілкіністер болған тұстарда журналистер өмірі қауіп-қатерге толы. Пандемия тұсында 200-ге тарта журналист пен жазушы өмірден өтті.

АҚШ-та журналистердің жалақысы жылына 28 мың доллардан 75 мың долларға дейінгі аралықта. Ал бізде бір жылда табатыны 3-5 мың доллар шамасында ғана.

Түркияда журналистерге бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер бар. Мына көрші Ресейдің өзінде журналистерге мобильдік байланыс, көлік, қонақ үй, несие алуда жеңілдіктер жасау туралы мәселелер көтеріліп те жатыр.

Әзірбайжан елінде бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қолдау қоры жұмыс істейді. Бакуде журналистерге арнап әрқайсысы 250 пәтерлік тоғыз қабатты екі үй салынып пайдалануға берілген. Бізде мұндай жағдай арман ғана. Жас журналистер шиедтей балашағасымен пәтер жағалап жүр, елдегі тұрғын үй бағдарламаларына да көбісі қатыса алмайды. Әлеуметтік тұрғыдан мүлдем қорғалмаған. Бұдан отыз жыл бұрын Шерхан Мұртазаның бастамасымен Алматыда Абай мен Саин даңғылдарының қиылысында журналистерге арнап үй салынғанын білеміз. Отандық құрылыс компаниялары сондай тәжірибені Астана және Алматы қаласында қайта жандандырса үлкен сауапқа кенелер еді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Отандық масс-медиа «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының пәрменді құралы болуы тиіс. Журналистерге сот, прокуратура, ішкі істер, адвокат, нотариус сияқты нақты мәртебе беретін кез келді.

Ақпарат саласын дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоспарын жаңадан жасау қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалынсыз қоғамды демократияландыру мүмкін емес. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары туралы арнайы әлеуметтік мәртебе арқылы қолдауды және қорғауды ұсынамыз. Бұл үшін «Журналист мәртебесі туралы» арнайы заң қабылдау қажет деп ойлаймын.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жолданады.

Көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз».

Құрметпен, Нұртөре Жүсіп, Ғұмар Дүйсембаев, Дана Нұржігітова, Айгүл Қапбарова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер!

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Бұл сауалға себеп Шығыс Қазақстан облысына іссапар аясында Семей қаласындағы «Жоламан» көтерме-тарату орталығының құрылысына қатысты мәслихат депутаттарының өтініштері мен облыс әкімдігінің хаты.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында бүгінгі инфляция жағдайында азық-түлік бағасын белгілеудің және оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуін атап өткен болатын. Осы орайда Ұлттық тауар өткізу жүйесін құру, азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін бұл жұмысты ретке келтіру міндеті қойылды.

«Жоламан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Семей қаласында 2019 жылдың шілдесінде басталған жалпы құны шамамен 2 миллиард теңгені құрайтын көтерме-тарату орталығының құрылысын аяқтауда.

Ішкі нарықты отандық тауарлармен молықтыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және импортты қысқартуға бағытталған бұл өзекті жобаға 700 миллион

теңге инвестордың меншікті қаражаты және 1 миллиард 33 миллион теңге несиелік қаржы бағытталған.

Серіктестік әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде бюджет қаражатына жүк салмай, барлық коммерциялық және қаржылық тәуекелдерді өз мойнына алған. Сонымен қатар «Даму» қоры арқылы жылдық үстеменің 9 пайызының субсидиялануы мемлекеттің елеулі қолдауын көрсетеді.

Осы сауалға негіз болған бұл жобаның іске қосылуы 340 мың тұрғыны бар Семей қаласында азық-түлік бағасын тұрақтандыру тұрғысынан өте өзекті. Жоба аясында жалпы көлемі 10 мың тоннаға дейін картоп, көкөніс және басқа әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына арналған қоймаларды іске қосу көзделуде. Өндірістік инфрақұрылым мәселелері облыс әкімдігі тарапынан толығымен шешілген.

Қолдағы деректерге сәйкес жоба жұмысы цифрландыру қағидаттарына негізделіп, өнімді сақтау мен өңдеудің барлық процестерін автоматтандырумен қатар электрондық құжат айналымы қамтамасыз етілмек.

Мұндай шаралардың тұтынушыға дейінгі тауар қозғалысының толық қаржылық ашықтығын қамтамасыз етіп, «көлеңкелі экономиканы» қысқартып, салық түсімдерінің ұлғаюына ықпал етері сөзсіз.

Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары азық-түлік бағасына қатысты қоғамда сын-пікірлер көбейіп, тиісті министрліктерге ұсыныстар мен сауалдар жолдануда. Дегенмен Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктері тарапынан қабылданып жатқан шаралар халықтың азық-түлік тауарларына физикалық және экономикалық қолжетімділігін толығымен қамтамасыз етпеуде, оны реттеу әлі де жүйелі және үйлестірілген іс-шараларды талап етеді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыда айтылғандар негізінде Ұлттық тауар өткізу жүйесін құруды жетілдіру мақсатында келесі мәселелерге көңіл бөлінуі қажет деп санаймыз:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 23 шілдедегі №317 «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіп кешені субъектісі шеккен шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаттарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу арқылы көтерме-тарату орталығының ғимарат құрылысы мен жабдық сатып алу құнынан инвестициялық салымдарды өтеуді 25 пайызға субсидиялауды бекіту;

2) Үкімет тарапынан азық-түлік тауарларына делдалдардың бағаны еселеп өсіруін болдырмауды қатаң қадағалауға алу;

3) бағаны тұрақтандыруда азық-түлік тауарларының ағынын реттеуге ерекше мән беріліп, жауапты министрліктер тарапынан үйлестірілген іс-қимыл жүргізу;

4) көтерме-тарату орталықтарының мәртебесі және оның қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру, оларға бастапқы кезде мемлекеттік қолдау шараларын белгілеу, желінің әр буынының жұмыс істеу механизмін қатысты мәселелердің нақты шешімін жеделдету;

5) өңірлерде көтерме-тарату орталықтарының өндірістік инфрақұрылым мәселелеріне ерекше басымдық беріліп, олардың кідіріссіз шешілуіне ерекше назар аудару.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау жөнінде заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Мусин, Булавкина, Жұмағазиев, Нұралиев, Қаниев». Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге арналады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде республикалық жолдардың 24 мың шақырымын қайта жаңарту міндетін қойды. Онда Атырау облысының аумағы арқылы өтетін «Атырау – Орал» және «Мұқыр – Құлсары» автожолдарын қайта жаңарту көзделді.

Бұған дейін Президент облысқа жұмыс сапарымен барған кезде Үкіметке тапсырма берген болатын, оның тармақтарының бірі жоғарыда аталған республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға қаражат бөлу туралы мәселе болатын.

Бүгінгі таңда «Мұқыр – Құлсары» автомобиль жолының жай-күйі Атырау облысының Жылыой және Қызылқоға аудандары тұрғындары тарапынан алаңдаушылық туғызып отыр. Сонымен қатар бұл автожол Ақтау теңіз порты мен Қазақстанның басқа өңірлері арасындағы Ақтөбе облысы арқылы өтетін ең қысқа көлік қатынасы және жақын уақытта транзиттік әлеуеті жоғары күре жол болып есептеледі. Бұл жол учаскесі қайта жаңартудан өтсе Ақтаудан Астанаға баратын жол 150 шақырымға қысқарады, өз кезегінде «Атырау – Доссор – Құлсары» учаскесіндегі қозғалыс қарқынын азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күнде бұл учаскеде жол көлік оқиғасының саны артқан.

Белгілі болғандай, «Мұқыр – Құлсары» автомобиль жолының 136 шақырым құрылысы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, техникалық-экономикалық негіздеме мемлекеттік сараптаманың қарауында тұр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы хатымен біздің депутаттық сауалға берілген ақпаратқа сәйкес көрсетілген учаскені қайта жаңартуға үнемделген қаражатты қолдануға Азия даму банкімен уағдаластыққа жеткендігіне қарамастан 2 жыл ішінде, яғни бүгінгі күнге дейін құрылыс жұмыстары басталмады.

Жобаны жақын уақытта жандандырып, құрылыс жұмыстарын бастау жоғарыда аталған аудан тұрғындары үшін, сонымен қатар Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға және туристік кластерді дамытуға тың серпіліс беретіні анық.

Баяндалғанға байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Үкімет жоғарыда аталған жобаны қаржыландыру көздерін айқындай отырып, оларды келесі жылы бастауды қамтамасыз етуді сұраймыз.

Құрметпен, Атырау облысынан сайланған Сенат және Мәжіліс депутаттары».
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа жолданады.

«Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Елімізде терминология комиссиясының құрылып, жұмыс істей бастағанына бір ғасыр уақыт болыпты. Комиссияның алғашқы төрағасы Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы 1920 – 1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары, 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922 – 1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарған жылдары терминологиялық жұмыстарға тікелей басшылық етті. Алғаш жарық көрген терминологиялық сөздіктер «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (1926) мен «Пән сөздері» (1927) Ахмет Байтұрсынұлы басқарған Қазақ білім комиссиясының отырыстарында бекітілді.

Ал кеңестік кезеңде 30-жылдардың ортасынан бастап терминкомға қазақ тілі білімінің негізін қалаушылардың бірі профессор Құдайберген Жұбанов төрағалық етті. Көріп отырғанымыздай термин комиссиясын ірі лингвист ғалымдар басқарып, оның құрамына білікті мамандар кірген. Ел тәуелсіздігін жариялаған 90-жылдардан кейін бұл комиссияға тіл саясатын жүргізуге жауапты министрліктің басшылары төраға болды. Комиссия құрамына Президент Әкімшілігі қызметкерлері, Парламент депутаттары, Қазақстан Республикасы Парламенті аударма бөлімінің меңгерушілері, Үкімет пен министрліктердің өкілдері, бас редакторлар енгізілді. Біздіңше, өздерінің лауазымдық міндеттері бар, жұмыстары басынан асатын әрі термин мәселесімен жүйелі түрде айналыспайтын мүшелер құрамына кірген комиссия терминологияның қыруар тірлігін мінсіз атқара алмайды. Терминком бекіткен терминдер дұрыс іріктеліп, тиісті кәсіби дәрежеде талданбағандықтан олардың қолданысқа еніп, тілде тұрақтауына қиындық туғызып отыруының да себебі осында жатыр. Бұл жағдай терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесін қайта қарау қажеттігін айқын көрсетіп отыр.

Термин, терминология, терминжасам, терминография мәселелері кәсіби біліктілікті талап ететін күрделі де жауапты жұмыс. Сондықтан бұл істі терминге қойылатын талаптар, терминнің тілдік табиғатын терең білетін лингвист ғалымдар мен терминологиялық сөздіктер жасап, оқулықтар жазып, терминтанудың қолданбалы мәселелерімен тікелей айналысып жүрген нақты ғылымдар мен жаратылыстану саласының мамандарына тапсырған орынды деп санаймыз. Осындай мамандар шоғырланған арнаулы орталық болған жағдайда жасалып, бекітілген терминдердің сапасы артып, ондай атаулар тілдік қолданысқа тез енеді.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Осы негіздемені ескере отырып, терминологиялық жұмыстарды кәсіби тұрғыда ұйымдастыру мәселесін арнайы қарап, бұл іспен айналысатын тұрақты кәсіби мамандардан тұратын, Қазақстан Республикасы Үкіметіне тікелей есеп беретін, терминологиялық жұмыстарды жүргізумен тұрақты әрі жүйелі түрде айналысатын ғылыми-практикалық орталық құру қажет деп санаймын.

Құрметпен, Мұрат Бақтиярұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович, уважаемые депутаты! Наш депутатский запрос направляется Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! В Послании народу Казахстана от 1 сентября текущего года Глава государства обозначил проблемные вопросы в сфере агропромышленного комплекса. В частности, эффективность использования пастбищ, обеспечение частных подворий сельчан пастбищными угодьями, расширение площадей возделывания кормовых культур и усиление контроля за соблюдением севооборота.

Казахстан занимает шестое место в мире по размеру пастбищных угодий, площадь которых составляет 184 миллиона гектаров. При этом дефицит пастбищ наблюдается по всей стране и составляет свыше 29 миллионов гектаров. В то же время около 21 миллиона гектаров земель, выделенных для развития личного подсобного хозяйства, подверглись деградации из-за чрезмерной пастбищной нагрузки. Рост численности скота на 1 гектар используемой кормовой площади намного опережает прирост валового кормозапаса пастбищ. Такая диспропорция в ряде районов привела к затруднению экологической и экономической регуляции в пастбищном хозяйстве.

Для регулирования общественных отношений в сфере рационального использования пастбищ, их обводнения, реализации необходимых мер по борьбе с деградацией и опустыниванием еще в 2017 году был принят Закон «О пастбищах», согласно которому необходимо было принимать планы по управлению пастбищами, направленные на перераспределение незагруженных пастбищных земель организованных хозяйств для обеспечения выпаса скота населением. Однако до сегодняшнего дня у фермеров нет доступа к местам выпаса скота, из 191 района только 86 частично реализуют данные планы, а 47 районов их только разрабатывают. Налицо прослеживается незаинтересованность местных исполнительных органов в реализации законных прав граждан.

Так, в 2018 году в Земельный кодекс были внесены поправки по изъятию земель для государственных нужд, в частности для использования их в качестве пастбищ. Но на практике данная процедура занимает до двух и более лет. То есть фактически за последние три года данная норма не работала, что, в свою очередь, привело к недовольству населения, созданию социальной напряженности в регионах и, соответственно, отрицательному имиджу власти на местах.

Одной из наиболее важных проблем является опустынивание земель, особенно в регионах с высокими температурами воздуха и их большими суточными амплитудами. Еще

в 2015 году в рамках проекта ПРООН был презентован Стратегический план мер, направленных на борьбу с опустыниванием в Республике Казахстан до 2025 года, где деградация пастбищ, исходя из экономической и экологической продуктивности, обозначена в качестве основной проблемы. До конца реализации данного плана остается немногим более четырех лет, но по-прежнему нерешенными остаются проблемы перевыпаса пастбищ в окрестностях деревень, недостаточности инфраструктуры на отдаленных пастбищах, как следствие, недоиспользование и заброшенность, разрушение структуры почвы, изменение биологического разнообразия, включая состав растительности. Все это приводит к снижению поголовья, росту заболеваемости скота, отсутствию должной кормовой базы, гибели скота и подрывает экономические основы животноводства.

Текущий год показал, что действующая модель системы государственного управления некоторых отраслей сельского хозяйства требует принятия незамедлительных мер по их реформированию.

На сегодняшний день в целях совершенствования законодательства в сфере управления и использования пастбищ депутатами Сената Парламента инициирован и разрабатывается проект закона по вопросам использования пастбищ.

Для полного и качественного исполнения поручений Главы государства необходимо следующее.

Первое. Выявить причины снижения плодородия пастбищных угодий и низкой эффективности мер по управлению процессами их восстановления и эксплуатации.

Второе. Разработать перспективный план действий по привлечению инвестиций в технологии, позволяющие вернуть плодородие земель, путем реконструкции, технического перевооружения и строительства новых мелиоративных систем.

Третье. На основе научно обоснованных методов агротехнических исследований провести работу по созданию прочной кормовой базы на пастбищах с высокопродуктивными кормовыми культурами путем посева высокоурожайных сортов многолетних трав.

Четвертое. Для снижения нагрузки на естественные пастбища рассмотреть возможность применения эффективных технологий кормопроизводства с помощью гидропонных установок, а использование ротационной системы стравливания пастбищ для их высокой продуктивности.

Просим предоставить ответ в сроки, предусмотренные законодательством.

С уважением, депутаты Сената Булавкина, Куришбаев, Джумагазиев, Дюсембинов, Нуралиев».

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиакбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында моноқалаларға қатысты ерекше тоқталып, оларды одан әрі жандандыруға қатысты жан-жақты ойластырылған шешімдер керек екенін атап өтті. Осы ретте өңірлерде халықпен кездесулер өткізу барысында, әсіресе Қарағанды облысының тұрғындары моноқалаларға қарасты қалалық кенттердің әлеуметтік проблемаларын шешуге кешенді көмек көрсету қажеттігі туралы өзекті мәселені жиі көтеріп келеді.

Бүгінгі күні республика бойынша 7 облысқа қарайтын 300 мыңға жуық адам тұратын 28 қалалық кент бар. Оның ішінде қалалық кенттердің ең жоғарғы саны 32 пайызды құрайтын, 50 мыңға жуық адам тұратын, 5 моно қалалардың әкімшілік аумағына жататын 9 кент Қарағанды облысында орналасқан.

Өз кезегінде моноқалалардың әкімшілік аумағына кіретін қалалық кенттердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарының, білім беру мен денсаулық сақтау объектілерінің жай-күйі, шағын және орта бизнес көлемінің аздығы, сондай-ақ тұрғын үй кезегі мен әлеуметтік саладағы кадр тапшылығына қатысты мәселелер өте өткір болып отырғанын және бұл Үкіметтің ерекше назарын талап ететінін атап айтқымыз келеді.

Қазіргі уақытта шағын қалаларды дамыту мәселесі бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарламалар қабылданған. Алайда қалалық кенттердегі су құбыры, кәріз, жылу және электр желілерінің, қалаішілік жолдардың тозу деңгейі төмендемей тұр. Сонымен қатар тозған және апатты ескірген көп қабатты тұрғын үйлерді жою, тұрғын үй қорын күрделі жөндеуден өткізу проблемалары да өте баяу шешілуде. Мәселен, ресми мәліметтерге сәйкес Қарағанды облысындағы 9 қалалық кенттің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерінің тозуы орташа есеппен алғанда 63 пайызды құрайды. Оның ішінде сумен жабдықтау 59 пайыз, кәріз желісі 83 пайыз, жылумен жабдықтау 42 пайыз, электрмен жабдықтау 70 пайыз.

Сонымен қатар 15 апатты және 37 бос тұрған көп қабатты үйлер бар. Мектептер мен ауруханалардың да инфрақұрылымдарының тозу деңгейі шамамен 45 пайызға жеткен. Ал өз кезегінде бұл өзекті мәселелерді шешу қомақты қаржы салымын талап ететінін атап өту қажет. Бұдан басқа мамандардың жетіспеушілігі, әсіресе мұғалімдер мен дәрігерлердің және оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемалары да айтарлықтай. Жалпы, қабылданған мемлекеттік бағдарламаларда мұндай елді мекендердің ерекшеліктері мен олардың әлеуеті көп жағдайда толыққанды ескерілмеген.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, осыған орай еліміздің халқы сапалы өмір сүру үшін жайлы орта қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ көтеріліп отырған өзекті мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, сізден әрбір шағын қала мен қалалық кенттер өздерінің ресурстық әлеуетін ескере отырып дайындаған жеке инновациялық даму стратегияларының негізінде салалық мемлекеттік бағдарламаны қайта қарауды немесе «Ауыл – ел бесігі» жобасын қалалық кенттерге қолдану мүмкіндігін қарастыруыңызды өтінеміз.

Сауалға жауапты заңда белгіленген тәртіппен жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.
Құрметпен, Сенат депутаты Әбдікерем, Ершов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2021 жылғы 30 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственных закупок, закупок недропользователей и субъектов естественных монополий, связи, автомобильного транспорта и обороны», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕРШОВ С.М. 3

ТҰЯҚОВ Д.Ш. – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, заместитель Министра обороны Республики Казахстан 4

КАРПЛЮК С.А. 4

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. 6

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Е.Қ. МАМЫТБЕКОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству МАМЫТБЕКОВА Е.К. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САФИНОВ Қ.Б. 10

АЛДАШЕВ С.Т. 12


Депутат Н.Б. ЖҮСПІТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	13
Депутат Д.М. МУСИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата МУСИНА Д.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	14
Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	16
Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л.	17
Депутат О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата БУЛАВКИНОЙ О.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	18
Депутат Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата АБДИКЕРОВА Р.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	19

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



А. Құсайынов



И. Шыныбаева